

Ашық халықтық акционерлік қоғам мәртебесін алудың және жоюдың тәртібі туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1999 жылы 4 ақпан N 22 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 12.02.1999 ж. тіркелді. Тіркеу N 684. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 218 қаулысымен.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 7-бабын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) қаулы етеді:

1. Ашық акционерлік қоғамның ашық халықтық акционерлік қоғам мәртебесін (бұдан әрі "Халықтық қоғам" деп аталады) Ұлттық комиссия Директоратының осы қоғамға Халықтық қоғам мәртебесін беру туралы қаулысымен алатындығы белгіленсін.

2. Жоғарыда аталған заңның 7-бабының 1-тармағымен айқындалған Халықтық қоғам белгілеріне сәйкес келетін ашық акционерлік қоғамның күнтізбелік жыл аяқтанғаннан кейін отыз күннің ішінде Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасына жолдама хатпен бірге мынадай құжаттар тапсыруға міндетті екендігі белгіленсін:

1) ағымдағы жылдың 01 қаңтары жағдайына өз активтерінің мөлшерлері туралы жедел мәліметтер;

2) ағымдағы жылдың 01 қаңтары жағдайына осы қоғам акционерлерінің саны туралы оның тіркеушісінің анықтамасы;

3) ағымдағы жылдың 01 қаңтары жағдайына бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының бағасы кесілетін акциялардың түрлері мен санаттарын көрсете отырып, бағалы қағаздар рыногының сауда-саттық ұйымдастырушы қызмет көрсететін сегментінде (секторында) осы қоғамның акцияларының бағаларын кесу, бағасы кесілетін акцияларды айналысқа жіберу деңгейі, аяқталған күнтізбелік жылғы бағасы кесілген акциялармен жасалған мәмілелердің (мәмілелер болмағанда - сұраныс пен ұсыныстың көлемдері) ақшалай және бағалы қағаздардың даналары түріндегі айлық және жиынтық көлемдері, аяқталған күнтізбелік жылдың айлары бойынша бағасы кесілген акциялармен жасалған мәмілелердің ең төменгі, ең жоғарғы және орташа бағалары (мәмілелер болмағанда - сұраныстың ең жоғарғы бағасы және

ұсыныстың ең төменгі бағасы) туралы анықтамасы.

3. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін отыз күн ішінде мына аталған ұйымдардың Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасына мынадай жазбаша мәліметтер беруге міндетті екендігі белгіленсін:

1) тіркеушілер - олар қызмет көрсететін, ағымдағы жылдың 01 қаңтары жағдайына әрқайсының акционерлерінің саны кемінде бес жүз болатын ашық акционерлік қоғамдар туралы;

2) бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылар - осы Қаулының 2 тармағының 3) тармақшасында айқындалған мәліметтерді көрсете отырып, ағымдағы жылдың 01 қаңтары жағдайына бағалы қағаздар рыногының осы сауда-саттық ұйымдастырушылар қызмет көрсететін сегментінде (секторында) акцияларының бағалары кесілетін ашық акционерлік қоғамдар туралы.

4. Осы Қаулының 3-тармағында көрсетілген мәліметтер алынғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы акционерлерінің санына және бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында акцияларының бағалары кесілуіне қатысты Халықтық қоғам белгілерін иеленген ашық акционерлік қоғамдардың тізімін қалыптастыратындығы және осы тізімді Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасына беретіндігі белгіленсін.

Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасы осы тізім алынғаннан кейін, бірақ күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін кемінде отыз күн өткеннен кейін оны осы Қаулының 2-тармағына сәйкес құжаттар тапсырған ашық акционерлік қоғамдардың тізбесімен салыстырады және осы тізімге енгізілген, бірақ Ұлттық комиссияға осы Қаулының 2-тармағына сәйкес құжаттар тапсырмаған ашық акционерлік қоғамдарға олардың активтерінің мөлшерлері туралы ағымдағы жылдың 01 қаңтарына жедел мәліметтер берудің қажеттілігі туралы талаптар (Ұлттық комиссияның жетекшілік ететін Мүшесі-Атқарушы директорының қолымен) жібереді, бұл мәліметтер талаптар алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде берілу керек.

5. Жоғарыда аталған заңның 7-бабының 1-тармағымен айқындалған Халықтық қоғам белгілеріне сәйкес келетін және Халықтық қоғам мәртебесін алуға ниет білдірген ашық халықтық қоғамның ағымдағы жылдың ішінде Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасына Халықтық қоғам мәртебесін беру туралы өтініш берген күннен бастап отыз күннен аспайтын күн жағдайына жасалған мынадай құжаттарды беру керектігі белгіленсін:

- 1) Халықтық қоғам мәртебесін алу туралы еркін үлгіде жазылған өтініш;
- 2) осы қоғамның активтерінің мөлшері туралы мәліметтер;

3) осы қоғам акционерлерінің саны туралы оның тіркеушісінің анықтамасы;

4) бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының бағасы кесілетін акциялардың түрлері мен санаттарын көрсете отырып, бағалы қағаздар рыногының сауда-саттық ұйымдастырушы қызмет көрсететін сегментінде (секторында) осы қоғамның акцияларының бағаларын кесу, бағасы кесілетін акцияларды айналысқа жіберу деңгейлері, аяқталған күнтізбелік жылғы бағасы кесілген акциялармен жасалған мәмілелердің (мәмілелер болмағанда - сұраныспен ұсыныстың көлемдері) ақшалай және бағалы қағаздардың даналары түріндегі айлық және жиынтық көлемдері, аяқталған күнтізбелік жылдың айлары бойынша бағасы кесілген акциялармен жасалған мәмілелердің ең төменгі, ең жоғарғы және орташа бағалары (мәмілелер болмағанда - сұраныстың ең жоғарғы бағасы және ұсыныстың ең төменгі бағасы) туралы анықтамасы.

6. Ұлттық комиссия Директоратының осы ашық акционерлік қоғамға Халықтық қоғам мәртебесін беру туралы мәселені осы Қаулының 2 және 5-тармақтарында аталған құжаттардың соңғысын алған күннен бастап (осы қоғам осы Қаулының 2 және 5-тармақтарына сәйкес құжаттарды тапсырған жағдайда) немесе осы қоғамның активтерінің мөлшері туралы жедел мәліметтер алынған күннен бастап (осы қоғам осы Қаулының 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес өзінің активтерінің мөлшері туралы жедел мәліметтер тапсырған жағдайда) бес жұмыс күні ішінде қарайтындығы белгіленсін.

7. Ұлттық комиссия Директоратының осы ашық акционерлік қоғамға Халықтық қоғам мәртебесін беру туралы шешімі қабылданған сәттен бастап онда Халықтық қоғамдар үшін қолданылып жүрген заңдармен белгіленген қосымша құқықтары мен міндеттері туындайтындығы белгіленсін. Қажеттілігіне орай осы қоғам акционерлерінің жақында өтетін жалпы жиналысында оның жарғысына Халықтық қоғам мәртебесін алуға байланысты өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л у і к е р е к .

8. Ұлттық комиссия Директоратының осы ашық акционерлік қоғамға Халықтық қоғам мәртебесін беру туралы шешімі қабылданғаннан кейінгі күннен кешіктірілмей осындай шешімнің көшermесінің осы қоғамға, осы қоғамның тіркеушісіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық басқармасына (осы қоғамның атқарушы органы орналасқан аумаққа қызмет көрсететін), бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушыларға және бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына жіберілетіндігі белгіленсін.

9. Халықтық қоғам мәртебесін иеленген ашық акционерлік қоғамның оның Халықтық қоғам мәртебесін жоғалтқандығы туралы жоғарыда аталған заңның 7 бабы 3-тармағының 1)-3) тармақшаларында айқындалған шарттарының кез-келгені басталған сәттен бастап алты ай өткеннен кейін баспасөз басылымында (ол жоғарыда аталған заңның 2-бабының он жетінші бөлігінде

айқындалған) жариялауға және Ұлттық комиссияға жазбаша хабарлауға (тиісті растама құжаттарды қоса бере отырып) міндетті екендігі белгіленсін.

10. Төменде көрсетілген белгілердің кез-келгенінің жойылғандығы анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде төменде аталған ұйымдар Ұлттық комиссияға мынадай мәліметтерді беруге (олар Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасына беріледі) міндетті екендігі белгіленсін:

1) Халықтық қоғам мәртебесін иеленген ашық акционерлік қоғамның тіркеушісі, - осы қоғамның акционерлері санының жоғарыда аталған заңның 7-бабының 1-тармағында айқындалған деңгейден кеміп кетуі туралы;

2) Халықтық қоғам мәртебесін иеленген ашық акционерлік қоғамның бағалы қағаздарымен сауда-саттық ұйымдастырушы, - бағалы қағаздар рыногының осы сауда-саттық ұйымдастырушы қызмет көрсететін сегментінде (секторында) осы қоғамның акцияларының бағаларын кесу тоқтатыла тұрғандығы немесе тоқтатылғандығы туралы.

Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасы алынған мәліметтердің негізінде жоғарыда аталған заңның 7 бабы 3-тармағының талаптарын сақтау үшін бақылауда тұрған Халықтық қоғамдардың тізімін қалыптастырады және қажеттілігіне орай осы Халықтық қоғамдарға тиісті ескертпелер жібереді.

11. Ашық акционерлік қоғамдар Халықтық қоғам мәртебесін алудың және жоюдың тәртібін сақтамаған кезде Ұлттық комиссия осы қоғамдардың заң талаптарын ықтиярсыз орындаулары және осы қоғамдардың лауазымды тұлғаларын қолданылып жүрген заңдармен белгіленген жауапкершілікке тарту жөніндегі мәселемен құқық қорғау органдарына жүгінуге құқылы екендігі белгіленсін.

12. Ашық акционерлік қоғамдарға Халықтық қоғам мәртебесін беру туралы және осы қоғамдардың Халықтық қоғам мәртебесін жоғалтқандығы туралы мәліметтердің Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілулеріне жататындығы белгіленсін.

13. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

14. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Заң және Корпоративтік қаржылар басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің және оның аумақтық басқармаларының назарына жеткізсін.

15. Осы Қаулының орындалысына бақылау жасау Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасына (жалпы бақылау) және Лицензиялау және қадағалау басқармасына жүктелсін.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК